

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 13 қыркүйекте жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрдің
орынбасары
Т.Б. Дүйсеноваға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Тамара Босымбекқызы!

Ұлттық төлтума мәдениетіміздің шырақшысы – Қазақтың қасиетті қара домбырасы.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Баршамызға ортақ құндылық – домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды» - деп асыл құндылымызға мән беруге шақырды.

Өкінішке қарай, бүгінгі қоғам арасында, әлеуметтік желілерде домбыра аспабына деген шабуылдар, ұлттық дүниетанымымызға жат, қауіпті пікірлер көбейіп барады. Әсіресе, діни жат ағымдардың жетегінде кеткен кейбір Қазақстан азаматтары жұртты адастыратын теріс пікірлер таратуда. Бұған әлеуметтік желіде желдей есіп жүрген «Домбыра – харам» деген секілді адам шошытар алып қашпа сөздер дәлел.

Домбыра – тарихи санамызды жаңғыртуға жол ашатын, қайталанбас асыл құндылығымыз.

Домбыра – бүгінгі жас ұрпақты мейірімділік пен парасаттылыққа, адалдық пен Отансүйгіштікке, қайсар намыс пен мейірімділікке баулиды.

Домбыра – татулық пен бірліктің мәмілегері. Ата тарихымыздағы небір аласапыран замандарда ұлтты ұйыстыруға, елді біріктіруге, ерлерді ел қорғауға шақыруға зор рөл атқарған.

Отызыншы жылдардың қасіретті аштығында да ата-бабаларымыз білегінен әл кетіп, өзегі талып, ақтық демі шыққанша қолынан домбырасын тастамаған.

Домбыра аспабы – Қазақ деген сөздің синонимі, Ұлт деген ұғымның мазмұнын ашатын маңызды мәнге ие. Себебі, халқымыздың арман-мұраты, ұлттық тәлім-тәрбиесі, дүниетанымы – осы қасиетті домбыра арқылы көрініс табады.

Ендеше, домбыраға тиісу – Ұлтқа тіл тигізу, төлтума мәдениетімізді қорлау, өткен тарихымыз бен бүгінгімізге көлеңке түсіру деп қабылдаймыз.

Домбыра – қазақтың кеудедегі жаны мен ақ дидаһындағы ары, намысы мен мінезі, ата-бабаларымыздың аманаты.

Домбыра – ұлтымыздың ұлы жүрегіне жол тауып, мұңайса, шерін тарқатты, қуанса, жан сарайын шаттыққа бөледі, бабалар сөзін бүгінге жеткізді, бүгіннің сөзін ертеңге жеткізетін де осы – қасиетті домбыра.

«Домбыра – Қазақстандағы аса маңызды символдардың бірі. Домбыраның екі шегі ежелгі заман мен осы заманның сырын шертеді» деп Рим Папасы біздің елімізге келген сапарында домбыраның маңыздылығы жайлы ой толғады. Осыдан да домбыра аспабы әлемдік деңгейде мән беріп, назар аударуға тұрарлық қазақ халқының қасиетті құндылығы екенін аңғаруымызға болады.

Ананың әлдиіндей, баланың бал тіліндей ең тәтті үн – домбыраның үні.

Ендеше, аспанда да, жерде де қазақ жүрген жерде домбыра бірге жүреді. Азаттығымның, қазақтығымның бойтұмарындай қасиетті домбыраға тіл тигізуге, қорлауға жол бермейік, армен де, заңмен де қорғай білейік, жат ағымдағылардың сандырағына тыйым салайық!

«Аманат» партиясының тұғырнамасында да рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға мән берілген.

Тоқсан ауыз сөзімнің тобықтай түйіні:

1. Мемлекет басшысының: «Мектепте домбыра үйрету сабақтарын енгізу – қажетті әрі дұрыс бастама» - деген сөзін Оқу-ағарту министрлігі ескерусіз, аяқсыз тастамауға тиіс. Мектептерде ән-күй сабағында домбыра аспабын үйрету оқу бағдарламасына енгізілсін;

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында, радио және телеарналарда домбыра аспабының құндылығын ашатын ән-күй, жыр-терме, айтыс өнерлері көбірек насихатталсын;

3. Құзырлы органдар, дін істері жөніндегі басқарма теріс ағым жетегінде кеткен адамдармен жұмыс жүргізуді күшейтуі тиіс.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша ұсынуыңызды сұраймын.

Құрметпен,

**«АМАНАТ»
партиясы фракциясының мүшелері,
депутаттар**

**А. Әлтай
Е. Бейсенбаев
П. Казанцев
Е. Саиров
Ж.Сүлейменова
К. Авершин
Т. Адамбеков
А. Аймағамбетов**

**Ж. Амантайұлы
Е. Әбдиев
М. Әбенев
Е. Әбіл
Қ. Әлішев
Н. Әшімбетов
Ж. Әшімжанов
Қ. Балабиев
М. Башимов
Б. Бейсенғалиев
Қ. Бексұлтанов
Н. Дементьева
М. Ергешбаев
М. Ескендіров
М. Жайымбетов
Е. Жаңбыршин
Ә. Жұбанов
Р. Зайытов
С. Имашева
Д. Исабеков
Б. Керімбек
Д. Колода
Ю. Кучинская
А. Қалықов
Р. Қожасбаев
А. Құспан
Т. Қырықбаев
Е. Мәмбетов
С. Мусабаев
А. Мысырәлімова
Б. Нажметдинұлы
Г. Нұрымова
С. Пономарев
А. Рау
М. Рожин
Н. Сабильянов
Т. Савельева
А. Сарым
Е. Сатыбалдин
Ұ. Сәдібеков
Н. Сәрсенғалиев
Б. Смағұлов
Е. Смышляева
М. Тәкиев**

**М. Толықбаев
 Ұ. Тұмашинов
 Д. Тұрғанов
 Д. Тұрлыханов
 Ү. Шапақ
 Н. Шаталов
 Б. Ізмұхамбетов**

**«АУЫЛ»
 партиясы фракциясының мүшелері,
 депутаттар**

**А. Зейнуллин
 Е. Саурықов
 Т. Сериков**

**Қазақстан Халық
 партиясы фракциясының мүшесі,
 депутат**

Г. Танашева

**«Ақ жол» Қазақстан демократиялық
 партиясы фракциясының мүшесі,
 депутат**

Қ. Иса

**«Respublica»
 партиясы фракциясының мүшесі,
 депутат**

Н. Тау

**Жеке мандатты округ бойынша
 Депутат**

Д. Мұқаев